

«Бекітемін»
«Керемет» бастауыш
мектеп-балабақша кешенінің меңгерушісі:
Турегельдиева Э.А.



«Бәйтерек» ересек тобының

2021-2022 оқу жылына

жылдық есебі.

Тәрбиешілері: Құттыбаева. Ұ.И

Үзембаева.М

2021-2022 оқу жылындағы «Байтерек» ересек тобының оқу – тәрбие жұмысының жылдық есебі.

«Байтерек» ересек тобында 25 бала тәрбиеленіп отыр.

Ұл- 14

Қыз –11

Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке баулудың міндеті- сәби шақтан бастап еңбекке қажеттілікті алғышарттарды қалыптастыру. Бұл міндеттер отбасындағы еңбек тәрбиесін жақсартудан бастау алып, ондағы ата-аналардың педагогикалық білімдерін жетілдіруде ең ұйытқы болатыны – балабақша. Бұл тұста ата-аналарға баланы еңбекке баулу бойынша бағыт беріп, ынтымақтастықта әрекет ету тәрбиешілердің үлесіне тиіп отыр. Бала тәрбиесінің алтын бесігі-отбасы. Бұл шағын әлеуметтік тап – бала үшін өмір мектебі.

Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2021-2022 оқу жылы үлгілік типтік бағдарламасы бойынша « Байтерек» ересек тобы күн тәртібіне сәйкес жылдық жоспары бойынша оқу қызметі жүргізілуде.

«Денсаулық», « Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»

Білім беру

салаларына ұйымдастырылған оқу қызметтерін әдістемелік нұсқау хаттағы өтпелі тақырыптар бойынша перспективтік жоспар құрылып оқу қызметі жүргізілуде.

Баланың бойына білім берудің негізгі мақсаты өсіп келе жатқан ұрпақтың болашаққа дайындау болып табылады.

Қыркүйекайында

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

(Бұйрығымен бекітілген ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.)

2. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту (1-Қосымша Қазақстан Республикасы Үкіметінің жылғы "13" мамыр 2016 жылғы № 292 . Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23 тамыз 2012 жылғы № 1080)

3. Бекітудің туралы "Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" білім беру объектілеріне (бабы 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-18 қыркүйек 2009 жылы "халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі")

4. Бұйрығына өзгерістер енгізудің туралы "

қазақстан республикасы білім және ғылым министрілігінің 20 желтоқсан 2012 жылғы № 557 "үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" Қазақстан Республикасы танысып шықтым.

Қазақстан Республикасы «Білім» туралы Заңының 51 бабының 5- тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігін, парасаттылығын, шығармашылық және жалпығылымымен деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті,»- делінген.

ҚР Білім заңымен танысу. Саяси сауаттылықты көтеру

(Білім күніне орай)

«1-Қыркүйек білім күні» ертеңгілік өтті.

22- қыркүйек тілдер күні мерекесіне арналған ертеңгілік

«Анашым ардақтым»

«Күздің көркем көріністері» атты эстетикалық талғамға сай сурет көрмесін ұйымдастыру.

«Алтын күз, ханшайыммым!» атты бау - бақшадағы жеміс-жидектерден көрме ұйымдастыру. (Табиғи материалдармен жекелеме мүсін жұмыс)

«Мәңгілік ел» патриоттық тәрбие бойынша жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілуде. 2021-2022 оқу жылының мақсаты мен міндеттеріне сүйене отырып жоспарлар құрылды. I-жарты жылдық міндет бойынша «Мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ұлттық-рухани тәрбие арқылы жеке тұлғаның төл мәдениетін қалыптастырылуда.

I – ші топтық ата- аналар жиналысы өткізілді. «Мемлекеттік тіл, менің ана-тілім-ардағым» тақырыбында баяндама оқылып ата-аналар арасында пікір алмасты . Ата-аналар комитеті сайланды

2021–2022 оқу жылына балалардың негізгі құзретіліктерінің қалыптасуындағы жетістіктерін бағалау индикаторының бастапқы кезеңнің көрсеткіші толтырылып, өз жас ерекшеліктері бойынша бастапқы бақылау өз деңгейінде болды, және әр балаға жеке даму картасы жүргізілуде. Қыркүйек айында қала күні болды, онда «Күздің түрлі -түстері» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

«Алтын күз берекесі» тақырыбында ертеңгілік өткізілді онда балалар өздерінің әндерін, өлең жолдарын, билерін, көріністерін көрсетіп өнерлерімен бөлісті. Қазан айында «*Қош келдің, Алтын күз берекесі*» атты мерекелік ертеңгілік өтті.

Жыл бойы балалар жасына сәйкес дамыту бағдарламалық материалдарды оқыған

және дамудың барлық бағыттары бойынша оң динамиканы көрсетті.

Барлық балалар балабақшаға жақсы бейімделген.

Сапалы тәрбие жұмыс өткізу үшін әртүрлі әдістер қолдандым:

1. Ойын.

2. Үлкендерден үлгі алу.

3. Табиғат объектілері.

4. Заттық әлемі.

Жұмыс түрлері; 1. Ата-анамен жұмыс.

2. Балалардың өзіндік еңбегі.

3. Баламен тәрбиешінің қарым қатынасы.

Жыл бойы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін әртүрлі жағдайлар жасалды. Балаларды жеңіл киіммен жүруді, таза ауада болуды, күн тәртібі бойынша, дене шынықтыру жаттығуларына, қимылды ойындарға қызығушылық көрсетуге үйренді. Күнде 8-10 минут көлемінде таңертенгілік гимнастика өткізілді. Дене шынықтыру сабағы аптасына 3 рет топтың ішінде өтті. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде балалар жүруге және жүгіруге үйренді, бір-біріне соғылып-қағылмай, бір орында екі аяқпен секіруді және алдыға жылжуымен, допты лақтыруды оны сырғанатуды т.б қимылдарды жасауды меңгерді. Жыл барысында балаларға гигиеналық этикалық дағдылар үйретілді.

Барлық тәрбиенушілер қол жууды, әсіресе ас алдында, серуеннен келгенде, өзінің жеке сүлгісімен сүртінуді біледі. Жеке заттарымен - тарақ, жеке орамал, жеке түбегімен қолдануды үйренді.

Үстел үстіндегі мінез-құлықтары да қалыптасқан балалар тамақты таза жеуге үйренді, көбісі алжапқышты пайдаланбайды. Дастархан басында сөйлемеді, тамақты дұрыстап шайнауды, қасық ұстауды майлықпен қолдануды меңгерді.

Киімдерді дұрыс шешіп және оны ретімен орындық басына жинап қоюды, көмексіз киінуді үйренді. Біраз бала ғана үлкендердің көмегімен шешінеді.

Айналамен таныстыру жұмысы жүйелі жүргізілді. Біз қоршаған ортаның жақын нысандарымен балаларды таныстырдық. Әлеуметтік өмірдің құбылыстарымен, үлкендердің еңбегі туралы мағлұмат бердік. Нәтижесінде барлық балалар әртүрлі ойыншықтар, жиһаз, киім-кешек, ыдыс-аяқ, көкөністер мен жеміс-жидек, көліктер атауларын біледі. Барлық тәрбиеленушілер сондай-ақ топтық бөлмелерде бағытталған. Олар өз атын, тегін және ата-анасының, тәрбиешінің, тәрбиеші көмекшісінің атайды.

Көп көңіл балалардың табиғат біліміне аударылды. Құстар, үй жануарлар, жабайы аңдарды ажырата біледі. Біз табиғи құбылыстар – жапырақ түсу, қар жауу, гүлдер, талдар түрлерін т.б табиғат тамашаларын бақылауды үйреттік.

Қазір балалар амандасу, қоштасуды, сұрану деген сөздерді жақсы біледі. Әр түрлі сұрақтарға бос жауап береді.

Жыл сонында балалар түрлі түсті заттарды топтастыруды біледі, алға, артқа, биік, төмен, қысқа, ұзын, пішіндерді, түстерді, ертегінің кейіпкелерінің т.б түсініктерді меңгерді.

Жыл барысында топта мерекелер аталып өтті. Қазан айында топта “Арайлы алтын күз” мерекелік ертеңгілік өтті. Балалар мен ата-аналар белсене қатысып, мерекеміз ойдағыдай болды. Жеміс – жидек, көкөністердең әртүрлі мүсіндер жасалды, дәмді әсем безендірілген салаттар әкелінді. Балалар әдемі киімдерін киіп ойын ойнады, қыздар жапырақ-

тар биін биледі. Тілі анық шыққан 3-4 бала тақпақ айтты. Топтын ішін күз тематикасы бойынша безендірдім.

Ата-аналарға арналған Ашық есік күні өткізілді. 3 ана қатысып балалардың балабақшадағы өміріне, ішкі тәртібіне куә болып, өз пікірлерін білдірді. Балаларға үстел үсті театрынын қойып “Бауырсақ”ертегі көрсетіп айтып бердім.

Жаңа жыл қарсаңында балабақша ішінде “Ең үздік қар мүсіні” байқауы өткізілді.Тобымыздын атынан “Қасқыр” мүсінін жасадым және нәтиже бойынша байқаудың жеңімпазы болып атандым. Ақшалай сыйлық және грамота алдым.

Әйелдер күніне арналған күнге “Анам- күнім” деген ертеңгілік дайындадым. Аналарына арнап балалар тақпақ айтты, қыздар гүлдер биін билеп берді. Мереке көңілді, қызықты өтті.

Жыл бойында 2 рет ата аналармен жиналыс өткіздім. Жиналыста ағымдағы мәселелер талқыланды. Ата аналар комитеті сайланды. Балаларға қатысты кеңестер берілді. Төлемақы туралы ескерту айтылды.

Келесі оқу жылына мен жоспарлап отырмын;

- Топта қолайлы эмоциялық –психологиялық климатты сақтау.
- Педагогтар, балалар және ата аналар арасындағы қолдау серіктестігін сақтау.

Балаларға жеке көзқарасын дамыту, оқыту әдістерін пайдалану. Тиісті білім беру мен дағдыларын бекіту.

«Алтын күз» таңында балалардың өміріндегі өзгерістерін білдіретін бірнеше бейне бердім.





Желтоқсан Президент күніне арнап топтар арасында «Елін сүйген Елбасы» атты іс-шара өтті. «Елін сүйген-Елбасы»

Мақсаты: Рәміздермен таныстыру, президентіміздің ұстанымымен, өмір жолын үлгі етіп, балаларды Отанын, халқын, жерін сүйуге, батылдыққа, азаматтыққа, патриоттыққа тәрбиелеу.

16 Желтоқсан күніне арнап «Тәуелсіз Қазақстаным» атты мерекелік іс-шара өттәі. Балаларға қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресі мен ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын жылдары елінің азаттығын, еркіндікті аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу. Балалар бойындағы отан сүйгіштік-патриоттық сезімдерді тәрбиелеу. Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Сонымен қатар бала бойында рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру.

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге баулу мақсатында балаларды білім берумен ұлттық тәрбие жүйесін дамытуда отбасымен тығыз байланыста болу тақырыбында «Отбасы алтын ұям», «Отбасы- Рухани жаңғыру негізі», «Денім сау болып өсіп келемін» ата-аналармен бірлесіп сурет көрмесі өткізілді. Ата – аналардың көмегімен топта, Жаңа жыл ойыншықтары мен безендіру жұмыстары жүргізілді. Тобымызда ата-аналармен бірлесіп Аяз ата шеберханасы тақырыбында көрме ұйымдастырылып тобымызды безендірдік.



«Жаңа жылдық шырша!» атты ертеңгілігін екі тәрбиеші өткізді. Балалар ертеңгілікте мерекелік көңіл күйде болып билерін биледі.

“Қош келдің ,Жаңа жыл” тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Онда балаларымыз өлең, тақпақ, билерімен өз өнерлерін ортаға салып ата-аналарын қуантты. Мақсаты: мерекелік көңіл-күйін құру; -ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру; -балалардың назарын жалпы әрекетте қатысу тілегін қалыптастыруға эмоциялық қабылдауын ынталандыру; -өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу.

Оқу қызметтерінде түрлі дидактикалық, қимылды ойын, үлестірмелі материалдар, үстел үсті ойындар, мозайка, пазлдар, санамақтар түрлері жаңаша түрлендіріліп өткізілуде.

I жарты жылдықта балалармен жұмыс барысында аздаған қиындық туындады (Қарандашты дұрыс ұстау, қағазды , өшіргішті ауыздарына салмау). Уақытылы балалармен жеке жұмыс жүргізілді.

Жыл барысында жалпы даму көрсеткіші қыркүйек айымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш көрсетті. Балалардың сөздік қорлары жақсы. Жан жақты жетілген бойында ұлттық сана қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру әр отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті.

Біздің мақсатымыз балаларды адалдыққа, әдептілікке, мейірімділікке, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға, жаманнан жиреніп жақсыны үйренуге, осы қасиеттерді бойына сіңіруге қалыптастыру барысында тәрбиелік іс-шаралар мен оқу қызметтері өтілді.

Осы оқу жылының басында ата-аналармен жиналыс өткізілді, ата-аналар өз пікірлерімен бөлісіп алғыстарын айтты. Сонымен желтоқсан айында ата-аналар жиналысы өткізіліп, жаңа жылдық мерекеге киінетін киімдері туралы талқыланды.

Сонымен қатар, күзгі және жаңа жылдық ертеңгіліктерге залды безендіруге көмек көрсетілді. Және осы мерекелерге қабырға газеті ілініп, топқа мерекелік безендіру жасалынды.

Қыркүйек айында топтық жиналыс өтті. Ата-аналар комитеті сайланып, балабақшаның жылдық міндеттерімен, жаңа бағдарламамен таныстырылды. «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында пікір алмасты. Күнделікті ата-аналармен жеке және топтық әңгіме, кездесулер жүргізілді.

Әр тоқсанда бір рет ашық есік күні ұйымдастырылды. Ата-аналар тәрбиешілер жұмысына өз ризашылықтарын білдірді.





Сәуір айында қорытынды ашық оқу қызметтері барлық топта өткізілді.

Таным саласы бойынша Математика бөлімінен «Геометриялық пішіндерге саяхат» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткіздім.

Жүйелі жұмыс істеуде балалар ұйымшылдыққа үйреніп, оқу қызметінің дағдыларын меңгеріп, бағдарламаларды игерді.

Наурыз айында 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арнап «Аналар- асыл жандар» топта ашық тәрбие сағаты өтті.

Балалар аналарына, әжелеріне арнап өлең шумақтарын айтып, би билеп, өз қолдарымен аналарына арнап ашық хаттар жасады.

Қош келдің, Өз Наурыз! «Наурыз келді, құт алып»

Мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру; Балаларды елін, Отанын сүйуге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу; Иmandылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына үш топ бірігіп, ата-аналарды шақырып, мерекелік іс – шара өткіздік. Балалар қазақтың ұлттық ойыны «Қазақша күрес», «Арқан тартыс», «Асық ату» сияқты ойындарды насихаттап көрсетсе, ата – аналарымыз қазақтың салт дәстүрін дәріптеді.

Жыл барысында жалпы даму көрсеткіші қыркүйек айымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш көрсетті. Балалардың сөздік қорлары жақсы. Өз ойларын жеткізе алады. Сұрақтарға толы барысында балалар амандасуды, қоштасуды, сұрануды үйренді. 3 тілде амандасады. 3 тілде геометриялық пішіндерді, сұраққа жауап бере алады. Қимыл қозғалыс арқылы жүгіруді, секіруді, допты лақтыруды, қатарға дұрыс тұруды меңгерді. Қоршаған ортадағы құбылыстарды, құстарды, жан-жануарларды, жәндіктерді, өсімдіктерді ажырата білді. Балалар ертегі желісі бойынша ертегіні сомдап рольде ойнауды үйренді.

Экология құбылыстарының жапырақтың түсуі, қардың жаууы, гүлдер мен талдардың түрлерін бақылауды білді. Барлық тәрбиеленуші балалар этикалық дағдыларды үйренді. Әсіресе ас алдында қол жууды, өз сүлгісімен сүртінуді біледі. Дастархан басында

сөлемеуді, тамақты дұрыстап таза жеуге үйренді. Асқа бата беруді біледі. Киімдерін дұрыстап шешіп оны ретімен орындық басына жинап қояды, көмексіз киінуді үйренді. Жыл соңы өте жақсы көрсеткіштерді көрсетті.

«Көгершін» ересек тобының 2021-2022 оқу жылының балалардың даму құзыреттілігін анықтайтын индикатордың қорытынды көрсеткіші.